# Психогеометриялық тест

**Мақсаты:** Адамның тұлғалық типін тез арада анықтауға. Күнделікті жағдайдағы мінез - құлықты анықтауға.



Суретте бейнеленген 5 фигураға қараңыз: үшбұрыш, тік төртбұрыш, шаршы, шеңбер, ирек. Осылардың ішінен – «Мен» дегізетіндей біреуін таңдаңыз. Егерде таңдау қиын болса, сізге бірінші болып қараған, көзіңізге бірінші іліккен форманы алыңыз. Қалған фигураларды қалауыңызша нөмірлік ретімен белгілеңіз. Сонымен, сіздің бірінші деп белгілеген фигураңыз - Сіздің негізгі фигураңыз. Ал қалғандары сіздің мінезіңізге қосымша әр беретін бөлшектер. Ал соңғы фигура сіздің қарым - қатынас жасауда қиыншылық көретін адамның формасы.

**1) Шаршы:** Қайраткер, еңбекшіл. Оның өмір сүру ортасы өзіндік «меніне» үйлесімді.
Жағымды жақтары: ұйымшыл, дәл, қатаң тәртіпті, ережені ұстану, ұсақ заттарға зейінділік, дәлелге жүгіну, жазба сөйлеуге құштарлық, ұқыптылық, тазалық, сақтық, үнемшілдік, тұрақтылық, талапшыл, шешімінен қайтпау.
Жағымсыз жақтары: өте ұсақшыл, өте сақ, ерегеспе, сараңдау, таныстары мен достары аз.

**2) Үшбұрыш:** Бұл лидерліктің символы, мақсатына бағыттау, дегеніне жету.
Жағымды жақтары: лидер, билікке ұмтылыс, қайткен күнде жеңіске жету, өзіне деген сенімділік, шешімге тез келе алу, сезімталдық, батылдық, өте белсенділік, жоғары еңбекқорлық, тапқырлық, қарым - қатынаста көпшіл.
Жағымсыз жақтары: ең сенімді достары мен жақындары аз, атақ - даңққа бағыттылық, шыдамсыздық, өзінің мақсатына жеткенше басқаға көңіл аудармау, өз дегенінен қайтпау, өз дегеніне жетуде неге де бара алады, өзімшіл.

**3) Төртбұрыш:** Өтпелі қалыптың символы. Өзгеру, басқа деңгейге ену, уақытша жағдай. Өзін - өзі түсіне бермеу, проблемадан қорқу.
Жағымды жағы: білуге құштарлық, барлық жаңаға жаны құмар, батыл, бейбітшіл, дау - дамайдан қашқақтайды.
Жағымсыз жақтары: өзін төмен бағалау, өзгермелілік, тұрақсыздық, пікірін

жиі өзгергіштік, сөзіне сенбеу, аңқаулық, ұмытшақтық, заттарын жоғалтуға бейімділігі.

**4) Шеңбер:** Мифологиялық тұрғыдан үйлесімділік (гармония) символы. Құнды қасиеттері: адамдар, олардың жайы, жақсы қарым - қатынас орнату, қарым - қатынасты қажетсінуі өте жоғары, «желім» - отбасын, ұжымды біріктіргіш, ашық, өзгелерге қамқоршы, қолы ашық - мырза, сенгіштік, қоғамдық жұмысқа бейімділік, таныстары мен достары көп. Жағымсыз жағы: көбіне өзін кінәлі сезінушілік, айналадағылардың пікіріне бағытталу, шешімге келе алмаушылық, әсерленгіш, сезімтал.

**5) Ирек:** Шығармашылық символы. Өзі де басқа фигуралар секілді жабық емес, ерекше формада. Жағымды жағы: ойшыл, өзгеден ерекше, шешім қабылдау, ортаның сүйіктісі, тапқыр, өзгерістерді қажетсінуі, білім құмарлық, жоғары интуиция, өзінің идеяларымен қанаттануы, арманшыл, болашаққа бағытталу, қиялшыл. Жағымсыз жақтары: көңіл - күйінің өзгермелілігі, мінезінің құбылмалылығы, шындықты бетке айта салу, дара жұмыс істеуді ұнатуы, қағаз - бастылықты ұнатпауы, қаржы жағынан салақтық.

# 1- бөлім

# «Көктем» ұғымын қалыптастыру



# Суретші қателігі



# 2-бөлім
# Танымдық қабілетін дамыту


Қайсысы
артық?




Не
артық?










1 2 1 1

5 5 5 6

7 8 8 8

## Не артық?







